

Әкешім –
асқар

Ұым





Әке...

**Осы сөзді айтсам, бір түрлі қанат
біткендей, құс сияқты қалықтайдындай
сезімде боламын. Арманға жетелеп,
ерлікті білдіріп, алдыға күннің бар жарық
нұрын өзіне жиып алып, соған қарай төніп
тұрған шыңды көргендей боламын. Нұрға
бөленген мейірлі де, мейірімді, тірек
болар, пана болар, жол көрсетер шың-әке.
Иә, әке-асқар тау, асқар шың. Әкенің
мейірімі, басыңнан сипап күле қарағаны
жаныңа жаз самалындай әсер етеді.
Құшағына еніп көрші, ол құшақтан
босағың келмейді.**



- Әкенің жылы жүрегінен еркелетіп айтқан әр сөзді жүрегіңнің бір бөлігіне барып мәңгілік өнеге болып құйылып жатқандай. Осындай мейірімді, жылы жанды адам мені мына өмірдің кейбір қиыншылығынан қорғап, асқар белдерінен демеп асырып, сылдырап аққан бұлағынан нәр беріп, алып бәйтерегімен өмірдің аптабынан қорғап тұрған асқар тау сияқты көрінеді. Әке- әркімге де асқар тау, ана-өмір сыйлап, нәр берер бұлақ, бала-жағасындағы балауса құрақ. Әр әке арманы-құрақтың өсіп қатаюы, шыбықтың шыңдағы шынар боп өсуі, балапанын өз елінің аспанында қалықтар қыранға айналуы деп білемін.



- Отбасында әкенің орны бөлек. Әке – сол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтеретін, асырап-бағуға да, жақсы тәлім-тәрбие беруге де міндетті адам. Әке – бала үшін асқар тау. Әке қамқорлығы дегеніміз – отбасы мүшелерін әртүрлі пәле-жаладан қорғап отыратын қасиетті ұғым. Сондықтан әкені сыйлау, оған үлкен құрметпен, ілтипатпен қарау баланың парызы болмақ.



- Әке – ұрпақтың панасы, үйдің басшысы, әрі тәрбиешісі. Ол тек бір отбасының ғана емес, ауылдың, рудың қамқоршысы, ел ағасы. Өмірге келген баланың әрбір сәтті қадамы әке үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш болмақ. Сондықтан да әке ақылымен жүру, ешкімнің ала жібін аттамай, адал ғұмыр кешу баланы тек жақсы болашаққа ғана әкеледі. «Әкеге бағыну – алпаға бағыну» депті Мұхаммед пайғамбарымыз. Демек, әкені ренжітпей оның айтқанының үдесінен шығып отыру әрбір перзенттің басты парызы екен.

- Ақылы мен пайымы терең аналар балаларын үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады. «Әкең ренжіп қалар», «Әкең жіберсе, бара ғой», «Әкеңе барып сәлем бер», «Әкеңнің керегін дайында» деп әкеге құрмет, қызмет етуге баланы жасынан дайындап отырса, мұндай отбасында әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік болуы сөзсіз. Әке ұл-қызын намысшылдыққа, елі, руы, қала берді өз бауырлары үшін еңбек етіп, өмір сүруге баулып отырады. Әкенің мейірімі мен талап қойғыштығының, еңбеккерлігінің бала тәрбиесіне ықпалы көп.





- Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында «Бір бала бар — атадан өте туады, бір бала бар — кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі. Ер адамдардың көбі ұл баланың туғанын асыға күтеді. Бұл түсінікті жағдай: ұлды өзінің жалғасы ретінде көреді, ұлға дәулеті болмаса да (бірақ кейбір кезде дәулет туралы да сөз болады), өзінің өнерін, шеберлігін, білімін мирас етіп тастап кетем деп үміттенеді.



- **Құлпырып өсіп келе жатқан жас ұрпаққа әкесіне деген шексіз махаббат қана емес, одан басқа жетелейтін шексіз құрмет, сыйластық болған өте маңызды. Әкесінің жүзу, мылтықпен ату, отын жару білуі. Жалақысының жеткіліктілігі. Сабырлық сақтау қабілеті. Осылардың бәрін есте сақтап, бала өсе келе әкесінің соңынан тәртібін ғана емес, сонымен қатар киім киюін, түр-сипатын, жүріс-тұрысын бәрін қайталайды. Егер осыны байқасаңыз — мақтана аласыз, Сізді балаңыз жақсы көреді әрі өте қатты сыйлайды, мақтан**

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ӘҢГІМЕСІ бойынша



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**